

**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
Қастаев Серік Қанатұлының «Болашақ мұғалімдердің
ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар
негізінде қалыптастыру» атты
диссертациясына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер құзыреттілігі қалыптасқан педагогты талап етеді, өйткені, оның дайындығы әлеуметтік тәжірибенің өзгеруіне; білім беру іс-әрекеттерін қайта жаңартуды жүзеге асыруға; білім беру үдерісіне инновациялардың енгізілуіне; әлеуметтік талаптардың деңгейінің өсуіне, т.б. жауап беруі тиіс. Осыған сәйкес мұғалімдердің кәсіби дайындығын, іс-әрекетінің мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселесі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты жүзеге асырылады. Екінші жағынан кәсіби білім берудің ғылым мен технологияның даму жағдайына бейімделуі, жоғары білім беру мазмұнын ғылыми тәсіл тұрғысынан жетілдіруді, оқыту технологиясын, әдістерін, өнімділігін арттыруды қажет етеді. Бұл өз кезегінде, өзгерістерге сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруда педагогикалық тапсырмаларды дайындау мен жүзеге асыру қажеттілігін көрсетеді.

Қастаев Серік Қанатұлының «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру» атты диссертациясы мектептегі оқу-тәрбие үдерісін толық мәнді жүзеге асыруға сәйкес болашақ мұғалімдерді даярлау тақырыбындағы зерттеу жұмысы болып табылады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бағытындағы жекелеген зерттеу жұмыстары болғанымен, педагогикалық тапсырмалар арқылы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бойынша дайындалған ғылыми еңбектер кездеспейді. Жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда оқытылатын педагогикалық және әдістемелік курстарда қолданылатын педагогикалық тапсырмалар өз деңгейінде қолданылмайтынын көрсетті. Осы жағынан алып қарағанда, ғылыми жұмыстың көкейкестілігі күмән тудырмайды. Аталған диссертациялық жұмыстың тақырыбы педагогикалық ғылым мен мектеп тәжірибесінің бүгінгі күндегі даму сұраныстарына толық жауап береді.

Автордың педагогикалық бағыттағы зерттеуінің ғылыми негізділігі, зерттеу тақырыбына сәйкес өзара байланыстағы әдіс-тәсілдердің нақты қолдануы, эксперименттің мақсатқа сәйкестілігі, ғылым нәтижелердің тұжырымдалуы ғылыми зерттеу нәтижелерінің шынайылығы мен негізділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Докторант Қастаев Серік Қанатұлы ғылыми зерттеу жұмысы барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау бойынша жинақталған теориялық зерттеулер мен дәйекті материалдарға талдау жүргізді және зерттеу бағыттарын атап көрсетті. Мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері мен оқу-тәрбие үдерісінің құраушылары педагогикалық тапсырма түрлері мен мазмұнын, технологиясын анықтады.

2. Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын нақтылады. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес «Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымының мәнін айқындады және соған сәйкес «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымына анықтама берді. Білім мен іскерлікті қалыптастырудың теориясы мен тұжырымдарына сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың ерекшеліктерін көрсетті. Оқу үдерісінде білім алушылар тарапынан педагогикалық тапсырмаларды: мақсатты орындау ортасының; орындауда игерудің белгілі бір үйлесімі мен реттілігінің; «саналы сезіну» жағдайының; саналы орындаушы тұрғысынан ретті меңгерудің болуы болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін нәтижелі қалыптастыруға кепілдік беретін құраушылар болып табылатынын анықтады.

3. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірледі. Құрылымдық-мазмұндық модель іс-әрекет құрылымына сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалаушылық құраушылардан тұратынын анықтады және оның мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік компоненттер негізінде жүзеге асырылатынын айқындады.

4. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесін нәтижеге бағытталған білім беру бағдарламасын әзірлеудегі анықталған реттілікке сәйкес дайындады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» атты элективті курсты оқу жоспарына енгізуге ұсынды және «Педагогикалық тапсырмалар» атты оқу құралындағы сұрақтарды (деңгейлік), педагогикалық міндеттерді, тест және оқу тапсырмаларын болашақ мұғалімдерді даярлаудағы оқу үдерісінде тәжірибеде жүзеге асырды.

Сондай-ақ, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырды анықтауға бағытталған тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүйелі, талапқа сай ұйымдастырып өткізді. Зерттеу үшін тандап алынған әдістердің сенімділігі зерттеу нәтижесінің шынайылығын дәйектейді.

Диссертациялық жұмыс құрылымдық және мазмұндық жағынан біртұтастықты сақтаған. Зерттеу жұмысы бірізді, әрі жүйелі орындалған.

Жұмыстың мазмұны ішкі бірлік пен логикалық байланысты сақтаған және кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылардың ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік тұжырымдар бір-бірімен жүйелі, сабақтастықта, бірізді байланысқан. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қойылған болжамдарды растайды және зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге негізделген.

Докторанттың зерттеліп отырған мәселеге сіңірген жеке еңбегін атап өтетін болсақ, алдымен болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды айқындау бойынша жүргізілген, жинақталған ғылыми-теориялық еңбектерге талдау жасады, соның негізінде жүргізілген ғылыми зерттеу бағыттарын анықтады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясын кең мағынада алдыға қойылған практикалық міндеттерді шешу үшін ғылыми білімдерді қолдану ретінде айқындады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруға тиімділігі бар, тірек болатын негіздер қатарындағы әдіснамалық тұғырларды нақтылады. Ұйымдастырушылық іскерлік, педагогикалық тапсырмалар туралы негізгі түсініктерді, теорияларды және тұжырымдарды талдады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері және олардың құраушылары туралы жазылған еңбектерді зерделеді. Соның негізінде құзыреттілік тұғыр тұрғысынан «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымына өзіндік анықтама қалыптастырды. Берілген анықтамаға сәйкес ұйымдастырушылық іскерлікті қалыптастыру білім мен іскерлікке және құндылық қатынастарға байланыстылығын көрсетті. Педагогикалық тапсырмалардың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтады, оның ішінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы оқу тапсырмаларын нақтылады.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің құраушыларына сәйкес көрсеткіштер мен деңгейлерді анықтады және соған сәйкес нәтижелерді бағалады.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың анықталған жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» атты элективті курстың бағдарламасы мен тақырыптық жоспарын ұсынды. «Педагогикалық тапсырмалар» оқу құралындағы тапсырма түрлерін оқу үдерісіне ендірді.

Зерттеу базасында құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеменің тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жоспарлады және жүргізді. Эксперимент жұмысының нәтижелері диссертациялық жұмыста арнайы кестелер мен диаграмма (сурет) түрінде бейнеленіп, көрнекі түрде ұсынылғандығын атап өткен жөн. Автордың


педагогикалық бағыттағы зерттеуінің ғылыми негізділігі, зерттеу тақырыбына сәйкес өзара байланыстағы әдіс-тәсілдердің нақты қолданылуы, эксперименттің мақсатқа сәйкестілігі, жұмыстағы ғылыми нәтижелердің тұжырымдалуы, ғылыми зерттеу жұмысының жоғары деңгейде орындалғандығын айқындайды. Алынған зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәйектейді. Диссертациялық жұмыстың орындалуындағы жүйелілік докторанттың болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бойынша пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесін жоғары деңгейде игергендігін көрсетеді. Ізденуші диссертациялық жұмысты барлық талаптарға жауап бере алатындай сапалы орындады.

Қастаев Серік Қанатұлының аталмыш зерттеуі теориялық және практикалық жағынан докторлық диссертацияның талаптарына сай, маңызды мәліметтерді қамтыған, ішкі бірлігі сақталып, жоғары сапалық деңгейде орындалған ғылыми жұмыс болып табылады.

Қастаев Серік Қанатұлы диссертациялық зерттеуді орындауда ізденімпаздық, дербестік, жауаптылық, шығармашылық, зияткерлік сияқты қасиеттерін көрсете алды. Аталған қасиеттерінің арқасында зерттеу мақсаты мен міндеттерінің шешімін таба білді. Ізденуші зерттеу барысында педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді зерделеп, олардың мазмұнындағы материалдарға талдау, салыстыру, индуктивті-дедуктивті талдау, талдап қорыту әдістерін қолданды. Педагогикалық эксперимент, сауалнама, тестілеу, білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижелерін сараптау әдістері арқылы құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеменің тиімділігін дәлелдей алды. Эксперимент нәтижелерін математикалық жағынан сандық өңдеу арқылы қорытындылады. Аталған зерттеу жұмысы бойынша қорыта айтқанда, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесі дайындалды, ұсынылған модель мен әдістеменің тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді, осылардың барлығы Қастаев Серік Қанатұлының философия (PhD) докторы дәрежесіне ізденуге лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, докторант Қастаев Серік Қанатұлын диссертациялық кеңесте қорғауға жіберуге болады деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Кентау институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор



Қолын
Ж.М. Беркимбаев
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімінің бастығы
23.10.2022